

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

БАЙКЕНОВА АҚЕРКЕ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

**ҚОЛЖЕТІМДІ БИОАҚПАРАТТЫҚ ЗЕРТТЕУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНДА
ШАРАП АШЫТҚЫЛАРЫНЫҢ МОЛЕКУЛАЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ**

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B070100 - "Биотехнология" мамандығы

Алматы 2022
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

"Қорғауға жіберілді"

Кафедра меңгерушісі

доцент м.а.

Жунусбаева Ж.К.

Дипломдық жұмыс

Тақырыбы: «Қолжетімді биоақпараттық зерттеу платформаларында шарап ашытқыларының молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін талдау»

5B070100 - "Биотехнология" мамандығы

Орындаған
4 курс студенті:

Байкенова А.Қ.

Ғылыми жетекшісі
профессор

Айташева З.Г.

Норма бақылаушы

Әлікүл А.Б

Алматы, 2022
МАЗМҰНЫ

	АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
	КІРІСПЕ.....	8
	НЕГІЗГІ БӨЛІМ.....	9
1	ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....	9
1.1	Ашытқыларға жалпы сипаттама.....	9
1.2	Шарап ашытқылары және оның қасиеттері.....	14
1.3	Шарап ашытқыларының молекулалық-генетикалық ерекшеліктері.....	24
2	ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.....	33
2.1	Зерттеу объектісі.....	33
2.2	Зерттеу әдістері.....	33
3	ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.....	35
3.1	Пальма шарабы ашытқыларына филогенетикалық талдау және олардың эволюциялық қатынастарын анықтау	35
3.2	Пальма шарабы ашытқыларының географиялық шығу тегі мен көздері.....	42
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	45
	ҰСЫНЫС ЖӘНЕ ПІКІРЛЕР	46
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	47
	ҚОСЫМША	55

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

NCBI – National Center for Biotechnology Information (Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығы)

Genbank - барлық аннотацияланған ДНҚ және РНҚ тізбегі, сондай-ақ оларда кодталған ақуыздар тізбегі бар жалпыға қолжетімді деректер базасы.

ДНҚ – дезоксирибонуклеин қышқылы

РНҚ – рибонуклеин қышқылы

рРНҚ – рибосомалық РНҚ

тРНҚ – тасымалдаушы РНҚ

SNP - бірнуклеотидті полиморфизм

OPC – санаудың ашық рамкасы

ARS – автономды-репликациялық тізбек

CNV – хромосоманың белгілі бір сегментінің көшірмелерінің санындағы полиморфизм

Indel – нуклеотидтерді енгізу/делеция полиморфизмі

LTR – ретро элементтің ұзақ терминалды қайталануы

QTL – сандық қасиетінің локусы

КІРІСПЕ

Ашытқылар - бір жасушалы саңырауқұлақтардың аскомицеттер класына жатады. Цитология, биохимия, генетикада жүргізілетін әдістер және алғаш рет ашытқыларға жасалынып, тексерістен өткен. Нақтырақ айтсақ, ашытқылардың *Saccharomyces* тұқымдасы. Ашытқылар – митохондриялық геномда қалыпты дамуына кедергі жасайтын мутациялар түзілгенде өлмейтін, тек гликолиздің арқасында өмір сүруге қабілетті организмдер. Молекулярлық биологияда және генетикада модельдік объект ретінде біржасушалы саңырауқұлақтар кеңінен қолданылады. *Saccharomyces cerevisiae* - бүкіл геномдық ДНҚ тізбегі зерттелген алғашқы эукариот. *Saccharomyces* туысының геномы 17 хромосомадан тұрады. Ал жоғары эукариоттармен салыстырғанда оның құрамында қайталанатын ДНҚ 5% ғана болады. Геномның 95% бірегей гендермен ұсынылған. Бұдан шығатыны, ашытқыдағы гендердің максималды саны 5-7 мыңнан аспайды. 1925 жылы Г.А.Надсон мен С.Г.Филиппов генетикалық зерттеулер жүргізді, онда радиациялық мутагенез ашылды, модельдік объект – ашытқыда жүргізілді. Бұл зерттеулерде плоидтылықтың өзгеруімен ашытқылардың өмірлік циклінде ұрпақтар алмасуының болуы туралы дәлелдер зерттелді. Ғалымдар *Saccharomyces cerevisiae* аскоспораларында хромосомалардың гаплоидты жиынтығы болатынын, ал олардың спораларына немесе олардың ұрпақтарына тән конъюгациялануы сахаромицеттердің вегетативті кезеңіне тән диплоидты жиынтықты қалпына келтіруге әкелетінін анықтады. Көп ұзамай нан ашытқысы генетикалық зерттеулер үшін тамаша үлгі нысаны болды. Ашытқыларға жасалған алғашқы ғылыми тәжірибелерден бері бұл организмдердің генетикасы өте жылдам дамыды.

Теориялық және қолданбалы сипатта, биотехнологиялық өнеркәсіпте әрі қарай пайдалану үшін генетикалық түрлендірілген ашытқы штаммдарын жобалауға қатысты кем дегенде 1000 зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ашытқыдағы гомологиялық рекомбинацияның арқасында кез келген таңдалған хромосомалық ДНҚ тізбегін ерікті түрде өзгертуге болады. Сонымен қатар, центромераның қысқа тізбегінің қосылуы және ДНҚ репликациясының шығу тегі есебінен мобильді жылжымалы элементтердің – бөлінетін ашытқы жасушаларының құрамында болатын рекомбинантты плазмидалардың құрамында хромосомалардың бөліктерімен әртүрлі манипуляцияларды жүргізуге болады.

Ашытқылардың генетикалық трансформациясының ашылуы зерттеушілерге гендерді клондау және гендік инженерия үшін құнды құрал берді. Трансформацияның арқасында гендердің реттелуін, сондай-ақ белоктардың құрылымы мен қызметі арасындағы байланыстарды, хромосомалардың құрылымын және жасуша биологиясының басқа да маңызды мәселелерін талдауға тиімді қолданылатын әдістер әзірленді. Белоктардың құрылысы мен қызметі, хромосомалардың құрылымы және жасуша

биологиясының басқа да маңызды сұрақтарға жауаптар табыла бастады. *Saccharomyces cerevisiae* ашытқысын нан пісіру, шарап жасау, сыра қайнату өндірісінде, алкоголь және ақуызды-витаминді препараттарды өндіруде қолдану, оларды биохимиялық, молекулалық-генетикалық және басқа зерттеулерге қол жетімділігі оларды басқа эукариоттарды, соның ішінде адамды зерттеуге арналған әмбебап және бірегей үлгі нысанына айналдырды.

Ашытқы трансформациясы гендік инженериядағы гендерді клондау үшін маңызды ғылыми жаңалық болып табылады. Осы рекомбинация әдісінің арқасында гендердің реттелуін талдау үшін, сонымен қатар белоктардың құрылымы мен қызметі арасындағы байланыстарды, ДНҚ, РНҚ құрылымын және жасуша биологиясының басқа да маңызды мәселелерін талдау үшін қолданылатын әдістер жасалды.

Осылайша, ашытқылар, атап айтқанда *Saccharomyces cerevisiae* түрі генетикалық зерттеулер үшін маңызды болып саналады. Зерттеудің генетикалық объектісі ретінде олардың бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, бұл организмдердің өмір сүру ұзақтығы қысқа; екі-төрт күн және қысқа ашытқы өмірлік цикліне ие. Ашытқыда толық анықталған ДНҚ тізбегі бар, бұл да маңызды артықшылық және морфологиясы мен биологиясы жақсы зерттелген болып табылады. Геномында отыз екі хромосома бар. Геномның өлшемі небәрі 12 Мб. 6300 гомологиялық гендердің 11% адам геніне сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Шарап ашытқылары генетикалық зерттеулер үшін маңызды объект болып саналады. Қазіргі заманғы геномдық және постгеномдық биоакпараттық құралдарды қолдану ашытқы штамдарының фенотиптік әртүрлілігінің негізінде жатқан молекулалық айырмашылықтардың табиғатын, молекулалық-генетикалық деректер мен белгілі бір өндірістік көрсеткіштер арасындағы байланыстарды түсінуді айтарлықтай тереңдетеді. Мұндай зерттеу нәтижелері «классикалық» және заманауи әдістерді қолдана отырып, бағытталған іріктеу, жаңа штамдарды құру және шарап жасау технологияларын жетілдіру стратегияларын әзірлеуге ықпал ететіні анық.


Ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы: Алынған нәтижелерді шарап ашытқыларының геномикасы мен филогенетикасын сипаттауға және талдауға пайдалануға болады. Сонымен қатар, әртүрлі пальма ағаштардан алынған шарап ашытқыларын салыстыруға, туыстары басым болатын елдерді көрсетуге, эволюция мен түрлердің миграциясын зерттеуге пайдалануға болады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1 ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

1.1 Ашытқыларға жалпы сипаттама

«Ашытқы» термині ашытумен бірге жүретін құбылыстармен немесе процестермен байланысты. Ашытқы ағзаларының қызметтерін және ашыту процестерін көрсететін терминдердің ортақ шығу тегі адамдардың оларды бұрыннан байланыстырғанын көрсетеді. Ашытқылар – мицелий түзу қабілетін жоғалтқан және нәтижесінде айнала бастаған жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар. Ашытқылар саңырауқұлақтар патшалығына (*Mycota*), нағыз саңырауқұлақтар бөліміне (*Eumycota*) жатады. Ашытқы жасушаларының пішіні сопақ, жұмыртқа тәрізді және эллипс тәрізді болып келеді. Цилиндрлік (таяқша тәрізді), алмұрт тәрізді және лимон тәрізді пішінді ашытқылар біршама сирек кездеседі (сурет 1).



Сурет 1 – Ашытқы жасушаларының пішіндері
(*С.В.Буряченко «Молекулярная генетика дрожжей сахаромицетов»
монографиясынан алынған)

Ашытқы жасушаларының өлшемдері диаметрі 2,5-тен 10 мкм-ге дейін және ұзындығы 4-тен 20 мкм-ге дейін болады. Орташа алғанда, ашытқы жасушасының салмағы шамамен 5×10^{-11} г. Ашытқы жасушаларының пішіні, мөлшері және массасы олар дамיתын орта жағдайларына және жасушалардың жасына байланысты өзгереді [1].

Ашытқылар саңырауқұлақтардан мәдени қасиеттерімен ерекшеленетіндіктен, Кудрявцева бойынша жеке классификациялар бар. Осы классификация бойынша ашытқылар *Ascomycetes* класына, біржасушалы саңырауқұлақтар қатарына жатады. Ашытқылар үш тұқымдастарды қамтиды:

сахаромицеттер, шизосахаромицеттер және сахаромикодтар. Олар бір-бірінен жасушалардың пішіні, вегетативті көбеюі бойынша ерекшеленеді.

1. *Saccharomycetae* тұқымдасы – бүршіктеніп көбейеді. Бұл тұқымдасқа *Saccharomyces* туысы жатады. Бұл тұқымдасының өкілдері сопақ немесе жұмыртқа тәрізді пішінді, бүршіктену арқылы вегетативті түрде көбейеді. Олар спорасының түзілуі және өнуі бойынша ерекшеленеді.

2. *Schizosaccharomycetaceae* тұқымдасы - бөліну арқылы көбейеді. Бұл тұқымдасқа екі туыс кіреді: шизосахаромицеттер (*schizosaccharomyces*) және октоспоромицеттер (*octosporomyces*).

3. *Saccharomycodaceae* тұқымдасы – көбеюі бүршіктенуден басталып, бөлінумен аяқталады. Бұл тұқымдастың негізгі туыстары – сахаромикодтар және хансениаспоралар [2, 3].

Saccharomyces cerevisiae жасушалары бүршіктену арқылы вегетативтік жолмен көбейеді. Алдымен аналық жасушада өсінді пайда болады, содан кейін ядроның митоздық бөлінуі жүреді, жасуша қабырғасының пайда болуы және жасушалардың бір-бірінен ажырауы жүреді. Аналық жасушада бүршіктенудің іздері пайда болады, бұл оның жасын анықтауға мүмкіндік береді. Әдетте аналық жасуша 20-30 рет бүршіктене алады. *Saccharomyces cerevisiae* ашытқысының қалыпты өмір сүруі үшін қоректік заттары бар сұйық орта, ортаның сәйкес реакциясы және температуралық жағдайлар қажет [4].

Ашытқыға әсер ететін сыртқы орта факторлары:

- физикалық (температура, ылғалдылық);
- химиялық (қоректік ортаның химиялық құрамы);
- биологиялық факторлар (микроорганизмдердің басқа организмдермен байланысы).



а)

б)

Сурет 2 - *Saccharomyces cerevisiae* ашытқысының жасушалары.

а) ашытқы жасушаларының бүршіктену арқылы белсенді көбеюі;

б) аналық (үлкен) және жас жасушалардың жұбы (аналық жасушаның бетінде алдыңғы бүршіктенудің «іздері» көрінеді).

(*С.В.Буряченко «Молекулярная генетика дрожжей сахаромицетов» монографиясынан алынған)

Гаплоидты және диплоидты жасушалардың өлшемдері әртүрлі штаммдарға және әртүрлі таралу жағдайларына байланысты өзгереді. Типтік диплоидты жасушалар 5 x 6 мкм эллипсоидтар, типтік гаплоидты жасушалар 4 мкм сфероидтар. Ашытқы жасушаларының мөлшері мен химиялық құрамы туралы жалпы мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген [5].

Кесте 1 - Ашытқы жасушасының көлемі мен құрамы

Сипаттамасы	Гаплоидты жасуша	Диплоидты жасуша
Көлемі (мкм ³)	70	120
Ылғалды салмағы (пг)	60	80
Құрғақ салмағы (пг)	15	20
ДНҚ	0,017	0,034
РНҚ	1,2	1,9
Ақуыз	6	8

(*С.В.Буряченко «Молекулярная генетика дрожжей сахаромицетов» монографиясынан алынған)

Saccharomyces cerevisiae ашытқылары төменгі және жоғарғы ашытқылар болып екі топқа бөлінеді. Төменгі ашытқыларға шарап пен сыра ашытқыларының көпшілігі кіреді, ал жоғарғы ашытқыларға спирт, нан және кейбір сыра ашытқылары кіреді. Төменгі ашытқылар өндірісте 6-10 °С және одан төмен температурада (0 °С-қа дейін), ал жоғарғы ашытқылар әдетте 14-25 °С температурада белсенді болады. Ашу процесі аяқталғаннан кейін төменгі ашытқылар түбіне шөгіп, тығыз тұнба түзеді, үстіңгі ашытқылар бетіне қалқып шығып, «қалпақ» құрайды. Соңғысының бетіне көтерілу қабілеті бүршіктенгеннен кейін жасушалардың шағын тізбекте байланысып қалуына байланысты, көмірқышқыл газының көпіршіктері оларды бетіне көтереді.

Ашытқы құрамында белсендірілген протеолиз, трипептид, глутатион бар. Сонымен қатар түрлі витаминдер мен ферменттер де болады. Ашытқы құрамындағы ферменттер тыныс алу, көбею және жасуша мүшелерінің құрылысын қоса алғанда, олардың барлық өмірлік функцияларының ағымына ықпал етеді [6].


Ашытқыда бірқатар ферменттік кешендер жұмыс істейді, олардың негізгісі зимаза деп аталады. Зимазаның көмегімен ашытқы қантты ашытады, яғни оны спирт пен көмірқышқыл газына айналдырады. Сонымен бірге ашытқы жасушалары өміріне қажетті энергияны алады. Оттегі болмаған жағдайда (анаэробты жағдайда) ашытқы ферменттері қанттың спирттік ашуын тудырады. Бұл көптеген ферменттер мен фосфор қышқылын қамтитын он бір кезеңнен өтетін күрделі көп сатылы процесс. Қантты ашыту процесінің соңғы сатысында көмірқышқыл газы мен этил (шарап) спирті түзіледі [7].

Ашытқыларды өсіруге арналған сұйық ортада қант, азотты қосылыстар, минералды қосылыстар, витаминдер болуы керек. Нан ашытқысы глюкозаны, галактозаны, сахарозаны, рафинозаны, мальтозаны ыдыратады. Күрделі қанттар (сахароза, мальтоза) алдымен ферменттер мен ашытқылардың әсерінен жай қантқа айналады. Азотты қосылыстардың ішінен ашытқы белок гидролизінің өнімдерімен (амин қышқылдары, полипептидтер), сонымен қатар аммоний сульфаты сияқты құрамында азот бар минералды тұздармен жақсы сіңеді. Ашытқы орналасқан ортаның реакциясы аздап қышқыл болуы керек. Сілтілік орта ашытқы жасушаларын тежейді. Егер сілтілік жоғары болса, ашытқылар жасушасы өледі. Ортаның оңтайлы рН мәні 4,5-5,0.

Ашытқылардың тіршілік әрекеті үшін температуралық жағдайлардың маңызы зор. Ашытқылардың көбеюіне ең қолайлы температура 25-28 °С. Спирттік ашу процесі 30-35 °С температурада ең белсенді. 45-50 °С және одан жоғары температурада ашытқы жасушалары өледі. Төмен температура ашытқылардың тіршілік әрекетін тежейді, ашытқы анабиоз (жасырын тіршілік әрекеті) жағдайына түседі, онда ол ұзақ уақыт бойы бұзылмай сақталуы мүмкін.

Мұздатылған ашытқылар 6-8°С температурада баяу ерігеннен кейін өзінің қасиеттерін сақтайды [8, 9].

Ашытқы жасушасының құрылысы. Ашытқы жасушасы мембранадан, цитоплазмалық мембранадан және цитоплазмадан тұрады. Жасуша мөлшері орташа 8-10 мкм (3-сурет).



Сурет 3 – Ашытқы жасушасының құрылысы
(сурет интернет желісінен алынған www.lektsia.com)

1 – ядро; 2 – саңылау; 3 - мембрана; 4 - митохондриялар; 5 - вакуоль; 6 - Гольджи кешенінің мембраналары; 7 және 8 - тегіс және түйіршікті эндоплазмалық тор; 9 - пиноцитарлы көпіршіктер; 10 - сегрегациялық түйіршіктер; 11 - фагосомалар; 12 - экскреторлық көпіршіктер; 13 - липидті қосындылар; 14 - цитоплазмалық мембрана; 15 - жасуша жарғақшасы; 16 - бүршіктенген іздің сақиналы жотасы.

Жасуша жарғақшасы - жасуша пішінінің тұрақтылығын сақтауға және айтарлықтай осмостық қысымға (2 МПа дейін) төтеп беруге қабілетті тығыз, күшті және серпімді құрылым. Селективті өткізгіштігі бар мембрана жасушаға қоректік заттардың тасымалдануын және одан метаболикалық өнімдердің шығуын қамтамасыз етеді [10].

Цитоплазмалық мембрана тікелей жасуша қабырғасының астында орналасқан. Оның негізгі қызметі – жасушаға қоректік заттардың енуін және зат алмасу өнімдерінің шығарылуын реттеу. Мұнда кейбір ферменттер локализацияланады және жасуша қабырғасының бірқатар заттары мен компоненттерінің биосинтезі жүреді.

Цитоплазма күрделі коллоидты жүйе. Биосинтездің маңызды процестері цитоплазмада жүреді және генетикалық ақпарат сақталады. Оның құрамында органеллалар (митохондриялар, рибосомалар, ядро, эндоплазмалық тор және Гольджи аппараты) және вакуольдер бар.

Митохондриялар – құрамында ферменттер жүйесі, негізінен электрон тасымалдауы бар шар тәрізді немесе ұзартылған жасушаішілік органеллалар. Митохондрияның функцияларына энергия көзі болып табылатын тотығу реакциялары, АТФ синтез реакцияларының тізбегі бойымен электрондардың тасымалдануы және митохондриялық ақуыздардың бір бөлігінің синтезі жатады [11].

Рибосомалар белок пен РНҚ-дан тұратын дұрыс емес шарлар түріндегі ультрамикроскопиялық түйіршіктер. Рибосомалар ақуыздар мен ферменттерді синтездейді.

Ядро қабықпен қоршалған дөңгелек және сопақ көпіршіктің пішініне ие. Ядроның қызметі – жасушаның бөлінуі кезіндегі генетикалық ақпаратты сақтау және тасымалдау.

Эндоплазмалық ретикулум – әртүрлі заттар сыртқы қабықтан орталыққа қарай қозғалатын көптеген арналарды құрайтын күрделі мембраналық тор болып табылады [12].

Гольджи аппараты — эндоплазмалық тордың мембраналық жүйесімен байланысқан ең ұсақ жалпақ денелердің жинақталуы. Гольджи аппаратының рөлі жаңа мембраналарды жасау болып табылады. Сонымен қатар, ол қорғаныс функциясын орындайды - жасуша секрециясының өнімдерін сақтап және жойып отырады.

Вакуольдер жасушаның орталық бөлігін алады. Олар липопроteidті қабықшамен қоршалған жасуша шырынымен толтырылған. Вакуольдер осмостық қысымды реттеуге қатысады және әртүрлі тотығу-тотықсыздану процестерінің орны болып табылады. Вакуоль ашытқы жасушасының қартаюуы кезінде пайда болады, олардың құрамында қоректік заттар, қалдық өнімдер және резервтік заттардың түйіршіктері: валюта, гликоген, трегалоза, май болады [13-15].

1.2 Шарап ашытқылары және оның қасиеттері

Шарап ашытқылары жүзімнің бетінде табиғи түрде кездеседі. Олар негізінен *Hanseniaspora uvarum* түзген жидектерде жиі жеңіл жабын ретінде көрінеді. «Нағыз» шарап ашытқысы *Saccharomyces cerevisiae* түрі болып саналады, ол табиғатта 1000 жүзімнің 1-інде ғана кездеседі. Дегенмен, ашытқылардың бұл туысы басқалармен салыстырғанда этанолға төзімділікпен ерекшеленеді. Бұл көп жағдайда ол бәсекелестікте жеңіп, шарап ашыту процесінде басқа түрлердің пайда болуына әкеледі. Олар жүзімде кездесетін табиғи ашытқы консорциумдары болып табылады. Жүзім шырыны қанттарын ашытуға қатысады, шараптың пайда болуымен бірге жүретін биохимиялық

процестер жүзім шикізатының сапасымен бірге, шараптардың барлық сорттарын анықтайды. Қатаң бақыланатын жағдайларда ашыту процесін жүргізу үшін шарап өндірісінде таза мәдени шарап ашытқыларын оқшаулау әрекеттері жүргізіледі [16].

Шарап дайындау үшін жүзім жиналады және ұсақталады - құрамында 10-25% қанты бар шырын алынады. Ақ шараптарды өндіруде тұқым мен қабықтың (целлюлоза) қоспасы керектен бөлінеді. Қызыл шарап өндірісінде сүйектері мен қабықтың қоспасы жойылмайды. Содан кейін ашыту нәтижесінде қант спиртті этанолға айналады. Шараптың пісіп жетілуі кезінде ашытқылардың екіншілік метаболиттері, сондай-ақ олардан алынатын қосылыстар оның хош иісі мен дәмін анықтайды, сүт қышқылды бактериялар, мысалы, *Oenococcus oeni* пісетін кезде де үлкен маңызға ие. Бірқатар шараптарды алу үшін (мысалы, аққайнар) ашытылған шарап екінші рет ашытылады.

Ашытуды тоқтату қант қорының (құрғақ шарап) таусылуымен немесе ашытқы үшін этанолдың уыттылығының шегіне жетуімен байланысты. *Saccharomyces beticus* ашытқысының кәдімгі ашытқылардан айырмашылығы (ерітіндідегі спирт концентрациясы 12% жеткенде өледі) төзімді болуында. Бастапқыда херес ашытқылары тек Испанияның оңтүстігінде (Андалусияда) белгілі болды, онда олардың қасиеттерінің арқасында күшті шарап алынды. Уақыт өте келе, херес ашытқылары Арменияда, Грузияда, Қырымда т.б. елдерде пайда болды. Херес ашытқысы кейбір күшті сыра өндірісінде де қолданылады.

Нан, шарап және сыра адамға белгілі ең көне өнімдер болып табылады, оларды өндіруді *Saccharomyces* ашытқысынсыз елестету мүмкін емес. Жүзім шаруашылығы мен шарап жасау тарихы мыңдаған жылдардан басталады және адамзат тарихымен тығыз байланысты. Күріш, бал және жеміс-жидек негізінде ашытылған сусындарды өндіру технологиясының пайда болуының ең алғашқы археологиялық дәлелі Қытайда біздің дәуірімізге дейінгі 7000 жылдан астам уақытқа жататын қабірлерден табылған [17].

Шарап жасаудың басталуын растайтын химиялық талдау деректері біздің дәуірімізге дейінгі 5400 жылға жатады, ал ашытқылардың шарап ашыту процестеріне қатысуы туралы деректер Ежелгі Египетте – б.з.б. 3150 ж. Мысыр мен Месопотамиядан ашытылған сусын технологиясы Еуропаға, содан кейін Жаңа әлемге тарады. Спирттік ашыту процестеріндегі ашытқылардың рөлін Пастер 1860 жылы анықтаған. 1980 жылдардың басында Карлсберг зертханасынан Эмиль Кристан Хансен алғаш рет таза ашытқы культурасын алды, содан кейін ол шарап шырынын ашыту үшін егу ретінде пайдаланылды. Бір қызығы, бұл тәжірибе тек 20 ғасырдың ортасынан бастап тиімді түрде тарала бастады, ал қазір әлемдегі барлық коммерциялық шарап өндірісі бастапқы дақылдарды пайдалануға негізделген. Мұқият іріктелген коммерциялық ашытқы штаммдарын пайдалану шарап ашыту процестерінің бақыланатындығы мен сенімділігін, шараптың микробтық құрамының шектелген өзгергіштігін айтарлықтай жақсартты және соңғы онжылдықтарда шарап сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты [18].

Ашытқыларды шарап жасауда және дәстүрлі биотехнологияның басқа салаларында кеңінен қолдану бұл микроорганизмдерді генетика, биохимия, жасуша биологиясы, физиология, геномика және эволюциялық биологиядағы зерттеулердің алдыңғы қатарына шығарды. Ашытқыларды өсірудің қарапайымдылығы мен ыңғайлылығы, гендік және гендік инженерлік манипуляциялардың қарапайымдылығы және басқа да бірқатар артықшылықтар ашытқыны эукариоттық жасушада болатын барлық негізгі процестерді зерттеудің сүйікті үлгі объектісіне айналдырды. 1996 жылы *Saccharomyces cerevisiae* нан ашытқысының геномының секвенирленуі геномикада бетбұрыс болды, алғаш рет эукариоттық геномның экспрессиясы мен қызметін жаһандық зерттеу мүмкіндігін ашты, сонымен қатар, салыстырмалы, функционалдық және эволюциялық геномикадағы зерттеулерге үлес қосты [19].

Геномдық секвенирлеу әдістерінің қарқынды дамуы сахаромицеттердің табиғи, өнеркәсіптік және клиникалық изоляттарының декодталған геномдарының санының күрт өсуіне әкелді және *S. cerevisiae* ашытқыларының әртүрлілігі, шығу тегі және табиғи тарихы туралы түсінігімізді айтарлықтай кеңейтті. Бұл зерттеу жұмысында сахаромицеттердің шарап штаммдарының геномдарын ашу саласындағы соңғы жетістіктерді жалпылауға, жасанды іріктеу жағдайында ашытқы геномының эволюциясының механизмдерін зерттеу үшін салыстырмалы геномиканы қолдануға, геномдық және постгеномдық тәсілдерді қолдануға тырысамыз. Шарап жасау үшін маңызды коммерциялық *Saccharomyces* штаммдарының сипаттамаларының молекулалық табиғатын анықтау жүзеге асады.

Шарап өндірісінде негізінен *Saccharomyces* тұқымдасының ашытқылары қолданылады. Оларға бірқатар талаптар қойылады, оның ішінде спиртке төзімділік (көлемі 16,0% дейін) және спирт түзу қабілеті, ашыту энергиясының жоғарылығы, сульфит пен суыққа төзімділік [20, 21].

Өзінің дамуында шарап ашытқысы төрт негізгі кезеңнен өтеді. Арығу фазасы шарап ашытқысының таза дақылы міндетті - қоректік ортаға енгізілген сәттен басталады. Бұл фазада жасушалардың субстратқа бейімделу процесі жүреді және олардың көбеюі болмайды, ал жасушалардың мөлшері ұлғаяды.

Шарап ашытқысының келесі фазасы – логарифмдік фаза. Бұл фаза жасуша популяциясының көбеюімен және биомассаның ұлғаюымен, ашытқылардың көбеюінің максималды жылдамдығымен сипатталады. Сонымен қатар, бұл кезеңде жасушалардың теріс сыртқы жағдайларға төзімділігі артып, спирттік ашу басталады.

Келесі кезең - стационарлық, бұл кезеңде ашытқы жасушаларының өсуі тоқтап, спирттік ашу процесі қарқынды жүреді. Шарап ашытқысының дамуының соңғы кезеңі - өсудің әлсіреу кезеңі. Ашытқының биомассасы интенсивті автолизден және ашытқылардың резервтік заттарды пайдалануынан азаяды [22-25].

Шарап ашытқыларының түрлері. Шарап жасауда спирттік ашытудың қоздырғышы ашытқылар болып табылады. Олардың алмасуы кейбір заттардың

(қанттардың) басқа заттарға (спирттер, көмірқышқыл газы, күрделі эфирлер, альдегидтер, диацетил және т.б.) айналуына негізделген. Ашытқы жасушаларының диаметрі 1-8 мкм, ұзындығы 2-12 мкм жетеді. Жүзімнен шарап ашытқысының культуралары бөлініп алынады. Жүзім шырыны ашытылады, оны ашытатын затты «шарап ашытқысы» деп атайды.

Шарап жасауда үлкен рөл атқаратын шарап ашытқыларының ең көп тараған тұқымдары мен түрлері *Saccharomyces vini* болып табылады. Олар белсенді түрде көбейеді және жоғары ашыту белсенділігіне ие, сонымен қатар қоршаған ортаға тез бейімделеді. Ашу процесі кезінде түзілетін спирт мөлшері 20% , қант мөлшері 11,6-12% құрайды [27].

Saccharomyces oviformis ашытқысы суслодағы қанттарды толығымен дерлік ашытады және 18% спиртті жинақтай алады. Бұл түрдің алуан түрі - барлық херес ашытқылары және кейбір аққайнар ашытқыларында қолданылады, олар шараптың бетінде пленка түрінде пайда болады.

Шарап жасауда *Brettanomyces* сияқты шарап ашытқыларының түрлері кеңінен қолданылады. Оларды өсіру үшін оңтайлы температура 31-32 °C аралығында өзгереді. Жүзімді ашыту кезінде олар 11-12% көлемді этил спиртті жинайды. Сонымен қатар, шарап ұшпа қышқылдармен байытылған. Аққайнар өндірісінде *Brettanomyces* көбеюі үшін қолайлы орта циркуляциялық шарап материалы болып табылады. Шараптардың әртүрлі түрлерін жасауға қойылатын талаптарды ескере отырып, іріктеу арқылы іріктеліп алынған белгілі бір туыстың бір жасушасының ұрпағы ашытқылардың таза дақыл болып табылады. Шарап ашытқыларының барлық туысы бір-бірінен ашыту белсенділігімен, көбею жылдамдығымен, термиялық және суыққа төзімділігімен, қышқылға төзімділігімен, сульфиттерге төзімділігімен, көбік түзу қабілетімен, ашытудан кейінгі шарап материалдарының мөлдірлену жылдамдығымен, спирт түзілу қабілетімен, қайталама және жанама өнімдердің жиналуымен ерекшеленеді.

Биотехнология талаптарына және шарап материалдарын өндіру шарттарына сәйкес шараптың белгілі бір түріне ерекшелігіне қарай сәйкес келетін ашытқы туыстарын пайдалану қажет. Сонымен, шарап және аққайнар өндіру үшін осы шарап жасау аймағында оқшауланған жергілікті таза ашытқы дақылдарын қолдану ұсынылады. Феодосия I-19 туысы жүзім шырынын белсенді түрде ашытады. Оның құрамында қанттың 24% мөлшері болады және жасуша белсенділігінің кең температуралық диапазонына ие. Бұл дақыл сульфидке төзімді, яғни құрамында 200-250 мг/дм³ күкірт диоксиді бар суслонь ашытады. Суслонь ашытуын күшейту үшін енгізілген таза ашытқы жасушаларының саны суслодағы жабайы ашытқы жасушаларының санынан көп болуы керек. Тәжірибеде жүзім шарты қанағаттанарлық тұндырылғаннан кейін зарарсыздандырылған күйде ашытылады. Сонымен бірге әрбір миллилитр суслода *Saccharomyces vini* түрінің ондаған мың ашытқы жасушалары болады [28,29].

Таза дақыл ашытқысының биотехнологиясы оны зарарсыздандырылған жүзім шырынына енгізген кезде жабайы ашытқыларға қарсы әрекет

ететіндігімен сипатталады, олар тезірек көбейеді, қоршаған ортаға бейімделеді және енгізілген таза дақылдан сәтті аман қалады.

Осылайша, шарап жасаудың практикалық жағдайында ашытудың бұл түрін пайдалану тиісті нәтиже бермейді, сондықтан әлемнің көптеген шарап жасаушы елдерінде таза ашытқы дақылдары, әдетте, бастапқы шарап жасауда пайдаланылмаған. Шарап ашытқыларының өміршең туыстары шарап өсіретін аймақтарда табиғи түрде оқшауланған болып табылады. Арнайы таза ашытқы культурасын стерильді емес суслоға енгізу тек титрленетін қышқылдығы жоғары, қант мөлшері немесе шамадан тыс сульфатты сусло өндіріске енуі қажет болған жағдайда ғана міндетті болып табылады. Төмен немесе жоғары ашыту температураларында суыққа төзімді немесе ыстыққа төзімді шарап ашытқыларының туыстарын пайдалану керек, сондықтан әрбір бастапқы шарап зауытында өңдеу маусымының басына қарай ашытқылар тұқымдарының жиынтығы болуы керек.

Асханалық шарап материалдарын өндірудегі биотехнологиялық процестер белсенді құрғақ ашытқы препараттарында сәтті жүргізілуде. Бұл шараптың көп мөлшерін дайындау құнын айтарлықтай төмендетеді, қанттың тереңірек ашытуын қамтамасыз етеді және шарап материалдарының сапасын жақсартады [30-33].

Іс-әрекеттің және қасиеттерінің ерекшеліктеріне байланысты шарап ашытқылары келесі негізгі топтарға бөлінеді:

- тағайындалуы бойынша: қызыл және ақ шараптар, аққайнар, сидр, херес және т.б.;

- тез және баяу ашытындар - ашу ұзақтығы органолептикалық қасиеттерге де, шарап дайындау жылдамдығына да әсер етеді. Сонымен қатар, жылдам ашу процесі әрқашан оң нәтиже бола бермейді, кейде оны ұзағырақ ашыту және күрделі қосылыстармен байыту талап етіледі;

- ыстыққа және суыққа төзімді - басқа ұқсас штамдар өлетін немесе тоқтатылған анимация күйіне өтетін температура диапазонына төтеп бере алады;

- спиртке төзімді - шарап штамдарының көпшілігі 12-14% спирттің құрамында жұмысын тоқтатады, бірақ кейбір туыстар 16% немесе одан да көп этанол концентрациясына төтеп бере алады. Спиртке төзімді түрі негізінен херес және басқа нығайтылған шараптарды дайындау үшін қолданылады.

- ашытудың қайталама және жанама өнімдерін жинақтау - белгілі бір штаммның ашытуы кезінде пайда болатын бұл қосылыстар мен заттар, олар жас шараптардың хош иісі мен дәміне айтарлықтай әсер етеді;

- қышқылға төзімді - суслоның қышқылдығы жоғары болса қолданылады;

- ашытқылардың басқа да қасиеттері: көбікке төзімді, сульфитке төзімді, шарап материалдарын тез тазартуға қабілетті және т.б. [34].

Тәжірибеде ең алдымен болашақ сусынның сипаттамаларын анықтайды, содан кейін ашытқылардың сәйкес түрін таңдайды. Жүзім шараптары үшін жидектердің түсіне (ақ немесе қызыл) ғана емес, сонымен қатар, мүмкін болса, белгілі бір жүзім сорты үшін ашытқыларды қолданған жөн. Алма шараптары

үшін алма қышқылының жоғары концентрациясын өңдеуге қабілетті шарап ашытқысы өте қолайлы. Басқа жеміс немесе жидек шикізаты үшін (шие, қарақат, құлпынай, таңқурай, өрік, қарлыған және т.б.) кез келген бейтарап (эмбебап) штаммдарды қолдануға болады. Ең дұрысы, шырын ашық түсті болса - ақ шараптар үшін, күңгірт болса – қызыл шарап үшін қолданады [35, 36].

Пальма шарабы. Пальма шарабы негізінен Сахараның оңтүстігіндегі Африкада, Азия мен Оңтүстік Американың бөліктерінде тұтынылатын дәстүрлі сусын болып табылады. Оны әртүрлі пальма ағаштарының шырынын ашыту арқылы алады. Пальма ағаштары тропиктік және субтропикалық аймақтарда өседі, қоңыржай аймақтарда аз ғана түрлері кездеседі. Бұл сусынды «күю» әдісі арқылы жасайтыны көптеген мақалаларда сипатталған және пальма шырынының дәмі мен түсі әртүрлі географиялық жерлерде өсетін пальмаға байланысты өзгеріп отырады. Ашытқылар сусынның ашуына қатысатын негізгі организмдер болып табылады және олар пальмаларда табиғи флора ретінде өмір сүреді. Пальманың қайнар көзіне қарамастан, сусынның жалпы ерекшелігі - ол тоңазытқышта сақталмаса, 24 сағат ішінде қышқылдана бастайды. Нигерияда негізінен пальма шарабы жиналатын екі ағаш - *Raphia hookeri* және *Elaeis guineensis*. Бұл пальмалардың шығу тегі туралы пікірталастар бар. *Raphia hookeri* ағашы шарап пальмасы ретінде белгілі және Батыс пен Орталық Африканың тұщы су батпақтарында ең көп таралған. Көптеген жергілікті сорттар Нигерияның тропикалық ормандарында бар және олар Үндістанда, Малайзияда және Сингапурда да өсіріледі. Майлы пальма сорты *E. guineensis* бүкіл әлемде кеңірек таралған. Деректерге сүйенсек, *E. guineensis* пальмасы Батыс Африканың тропикалық орман аймағында пайда болғанын және Камерун, Кот-д'Ивуар, Гана, Либерия, Нигерия, Сьерра-Леоне, Того, Ангола және Конгода кездесетінін көрсетті. XIV-XVII ғасырлар арасында пальма жемістерінің біразы Америкаға, одан Қиыр Шығыста өсірілетін болған [37-39].

Ашытқылар адамзат тарихын көрсететіні белгілі, сондықтан пальма шарабында табылған ашытқы штамдары жаңа аймақтарға сол жерлерге әкелінген өсімдік материалдары арқылы енгізілген болуы мүмкін. Ашытқының жүздеген жылдар бұрын тағамдар мен сусындарды ашыту үшін пайдаланғаны белгілі болғанымен және қолға үйрету микробтар ашылғанға дейін басталған деп есептелсе де, генетикалық әртүрліліктің ауқымы әлі де бүкіл әлемде зерттелуде. Соңғы зерттеулер *Saccharomyces* емес ашытқылардың *S. cerevisiae* ашытқыларынан әртүрлі онологиялық қасиеттері бар екенін көрсетті. Көптеген зерттеулер *S. cerevisiae*-нің биохимиялық және геномдық қасиеттерін түсінуге көмектескенімен, ашытқы түрлері толық қамтылмағанын көрсетеді. Пальма шарабындағы *S. cerevisiae* және *S. cerevisiae* емес ашытқылар туралы көбірек түсіну сусындағы ашытқылардың әлеуеті туралы көбірек ақпарат алу немесе жаңа түрлерді ашу үшін қажет. Қосымша ақпарат алу үшін көптеген зерттеушілер молекулалық сипаттаманы қолданды және бұл сусынның жаңа ашытқы штамдарын дұрыс анықтауға әкелді. Пальма шарап ашытқыларының алуан түрлілігі жан-жақты зерттелмеген және әдебиеттерде организмдер арасындағы қарым-қатынастарды орнату үшін қажетті негізгі құрылымдар


болып табылатын эволюциялық ағаштарды көрсететін есептер аз. Бұл зерттеу жұмысында пальма шарап ашытқыларының және олардың жақын туыстарының 26S rRNA реттілігі деректеріне негізделген эволюциялық қарым-қатынастары қарастырылады және сусындардағы ашытқылардың әртүрлілігіне көбірек көңіл бөлуге бағытталған [40, 41].

Шарап штамдарының шығу тегі. *S. cerevisiae* гапло-диплоидты тіршілік циклімен және көбеюдің негізінен вегетативті тәсілімен сипатталады. Табиғи мекендеу орындарынан оқшауланған штаммдардың көпшілігі гетерозиготалық деңгейі айтарлықтай жоғары диплоидтар. Гетерозиготалы SNP жиілігі бір геномға 1000-нан 18000 SNP-ге дейін болуы мүмкін, бұл шарап штаммдарын жасанды іріктеу жағдайында жиі болатын айқасу және жыныстық көбею процесстерінің көрінісі болуы мүмкін [42].

Соңғы жылдардағы көптеген зерттеулер *S. cerevisiae* популяциясының құрылымы мен эволюциялық тарихын терең түсінуге мүмкіндік берді. *S. cerevisiae*-нің «мәдени» штаммдары тәуелсіз «үйлестіру» оқиғаларының нәтижесінде табиғи арғы тегінен пайда болғаны көрсетілді. Сонымен қатар, шарап штаммдарының 95% бір филогенетикалық кластерге жатады, бұл олардың бірегей шығу тегі мен адам әрекетінен кейінгі популяцияның кеңеюін болжайды.

Дүние жүзіндегі әртүрлі географиялық аймақтардан алынған *S. cerevisiae* изоляттарының геномдық талдауының негізінде шығу орны бойынша да, технологиялық сипаттамалары бойынша да ерекшеленетін 5 негізгі филогенетикалық топ анықталды (сурет 4). Сондай-ақ осы топтардың өкілдерінің арасындағы айқасу нәтижесінде пайда болған мозаикалық геномы бар көптеген штаммдар анықталды. Тізбектелген штаммдардың генотиптері мен олардың эксперименталды түрде анықталған фенотиптік сипаттамалары арасындағы тұрақты корреляцияны байқауға болатыны маңызды.

Шағын популяциялардағы ашытқылардың генетикалық зерттеулері, жалпы алғанда, олардың құрылымы әртүрлі экологиялық тауашаларға бейімделуді қажет ететінін көрсетті. Сонымен бірге шарап штамдары өзгергіштік дәрежесі төмен жеке филогенетикалық топты құрайды [43, 44].



Сурет 4 - Ашытқылардың филогеномикасы. *S. cerevisiae* ашытқысының әртүрлі географиялық және экологиялық аймақтардан оқшаулануын көрсететін филогенетикалық ағашы.


(*М.А.Эльдаров және т.б. авторлар еңбегінен алынған)

«Таза» мозаикалық емес сызықтар сұр түспен белгіленген. Географиялық тиесілігі – ақ шеңберлер – Еуропа, сұр сопақ – Америка, сұр ромбы – Азия, қою сұр ромбы, қара ромбы – Африка.

Штамм ерекшелігі: (w) табиғи (жабайы) изолят, (v) клиникалық изолят (шартты қоздырғыш), (б) нан, L-зертхана, F - ашыту (шарап, сыра, спирт).

Микросателлит деректері еуропалық шарап штамдарының Месопотамиядан шыққанын, содан кейін олардың Жерорта теңізі арқылы Еуропаға немесе Дунай арқылы жүзім сорттарымен бірге көшуін болжайды.

S. cerevisiae шығу тегі мен алуан түрлілігінің орталығы Қытайдың алғашқы ормандары болуы мүмкін, бұл экологиялық және географиялық әртүрлі мекендеу орындарынан оқшауланған оқшаулаулардың үлкен үлгісін талдау арқылы көрсетілген [45].



Сурет 5 - Шараптық ашу фазалары.
 (*М.А.Эльдаров және т.б. авторлар еңбегінен алынған)

Шарап штамдарының биохимиялық ерекшеліктері. Шарап ашыту процесі әртүрлі стресс түрлерімен - қанттың жоғары концентрациясымен, қоршаған ортаның қышқылдануымен байланысты кернеулермен, сульфиттердің жоғары мөлшерімен, анаэробты жағдайлармен, азот көздерінің, липидтердің, витаминдердің жетіспеушілігімен, жоғары концентрациямен анықталатын осмостық кернеумен бірге жүреді [46]. Жақсы шарап штамдары шарап ашытудың барлық негізгі фазаларында осы абиотикалық факторлардың бірлескен әсеріне төзімді және басқа да бірқатар маңызды технологиялық сипаттамаларға ие болуы керек (2-кесте).

Кесте 2 - Шарап штамдарының негізгі өндірістік сипаттамалары
 (*М.А.Эльдаров және т.б. авторлар еңбегінен алынған)

«Ашыту» сипаттамалары	Технологиялық сипаттамалары
Ашытудың тез басталуы	Генетикалық тұрақтылық
Жоғары ашыту тиімділігі	Сульфитке жоғары төзімділік
Этанолға жоғары төзімділік	Көбіктенудің аз болуы
Жоғары осмостық тұрақтылық	Флокуляцияға қабілеттілік
Төмен температуралық оптимум	Тұнбаның аз түзілуі
Биомасса санының көптігі	Кептіруге төзімді
	Протеолитикалық белсенділік

	Азотты аз мөлшерде қажет етуі
Шараптың хош иісі мен букетіне әсер ететін сипаттамалары	Зат алмасу ерекшеліктеріне сипаттамалары
Төмен сульфид пен тиолдың төмен мөлшері	Биогенді аминдердің төмен деңгейі
Ұшқыш қышқылдардың аз өндірілуі	Этил карбаматтың төмен деңгейі
Жоғары спирттердің төмен деңгейі	
Глицериннің жоғары деңгейі	
Жоғары эстеразды белсенділік	

Шараптың сенсорлық және органолептикалық қасиеттері үшін қанттың, аминқышқылдарының, майлардың ыдырауы нәтижесінде түзілетін көптеген ашыту қосалқы өнімдерінің – глицерин, карбон қышқылдары, альдегидтер, жоғары спирттер, эфир және күкірт қосылыстары және т.б. Жүзімнің қышқылдары, терпендері мен тиолдары да өте маңызды, бұл көбінесе қолданылатын штамдардың сипаттамаларына байланысты. Ашыту нәтижесі көптеген факторларға, атап айтқанда, жүзім шырынының құрамы мен сапасына байланысты. Бұл негізінен қанттар (эквивмолярлы жоғары концентрациядағы глюкоза және фруктоза, 180–300 г/л), органикалық қышқылдар (тартар және алма), бейорганикалық катиондар (калий), азотты қосылыстар және липидтер (фитостеролдар). Фруктозаның метаболизмі глюкозаға бағынатындықтан ашытудың кейінгі кезеңдерінде салыстырмалы фруктозаның мөлшері маңызды болып саналады. Шарап ашытқысы бұл қантты ұзақ аштық кезеңдерінде және этанолдың жоғары концентрациясы жағдайында ашытуы керек. Шарап штамдарының фруктозаны тиімді ашыту қабілеті спиртті ашытудың кеш сатысында жоғары ашыту жылдамдығын сақтау үшін өте маңызды. Азот - ашыту жылдамдығына және ұшпа мазмұнына әсер ететін тағы бір маңызды қоректік зат. Сусланың құрамы азотпен шектелген, ал азоттың жетіспеушілігі баяу немесе «жабысып қалған» ашытудың ең көп тараған себебі болып табылады. Ашытқылар үшін азот көздері аммоний иондары, аминқышқылдары, олигопептидтер, белоктар, амидтер, биогенді аминдер және нуклеин қышқылдары болуы мүмкін. 200 г/л қантты ашыту үшін 140 мг/л азот көзі қажет деп жалпы қабылданған. Жүзімнің көптеген басқа компоненттері ашытқылардың метаболизміне әсер етеді (мысалы, липидтер, витаминдер, әртүрлі ингибиторлар) [47-50].

1.3 Шарап ашытқыларының молекулалық-генетикалық ерекшеліктері

Ашытқыларды шарап жасауда және дәстүрлі биотехнологияның басқа салаларында кеңінен қолдану бұл микроорганизмдерді генетика, биохимия, жасуша биологиясы, физиология, геномика және эволюциялық биологиядағы зерттеулердің алдыңғы қатарына шығарды. Тіпті «геномға дейінгі» кезеңнің өзінде сахаромицеттердің табиғи және өндірістік штамдары жоғары генетикалық әртүрлілікпен сипатталатыны белгілі болды, бұл олардың S288C эталондық зертханалық штаммымен салыстырғанда олардың сипаттамаларында айтарлықтай айырмашылыққа әкеледі. Ашытқылардың «қол жетімді» штаммдарды алу кезінде адамдар абайсызда *S. cerevisiae* геномына енгізген эволюциялық шектеулер нақты қолдану үшін ең қолайлы жоғары мамандандырылған фенотиптері бар штаммдардың айтарлықтай санын өндіруге әкелді. S288C штаммының геномының шифры ашылғаннан бері өткен 20 жыл ішінде толық немесе ішінара дерлік геномдық реттілігі алынған *S. cerevisiae* штамдарының саны бірнеше жүзге жетті. Бұл зерттеулердің барысы салыстырмалы түрде шағын геном өлшеміне және қайталану санының аздығына байланысты ашытқы мінсіз нысана болып табылатын жоғары өнімді секвенирлеу әдістеріндегі соңғы революциямен байланысты [51, 52].

Қазіргі уақытта NCBI дерекқорында әртүрлі *S. cerevisiae* изоляттарының 237 дерлік толығымен декодталған және аннотацияланған геномдары туралы ақпарат бар.

Saccharomyces cerevisiae шарап ашытқыларының штаммдарын адамдар қанттың жоғары жеміс шырындарының жылдам өсуі, жоғары өнімділік және этанолға және соңғы кезде сульфитке төзімділігі сияқты бірнеше арнайы белгілерге қарай эволюцияға қолайлы жағдайларда 8000 жылдан астам уақыт бойы таңдап алған. Шарап ашытқылары зертханалық штаммдарға қарағанда хромосомалардың мөлшері мен саны бойынша үлкен әртүрлілікті көрсетеді. Олар анеуплоидты, дисомиясы немесе трисомиялары бар, ал кейбір жағдайларда дерлік диплоидты немесе триплоидты. Анеуплоидия пайдалы гендердің көшірме санын көбейту және өлімге әкелетін немесе зиянды мутациялардан қорғау арқылы селективті артықшылықтар беруі мүмкін [53].

Анеуплоидия немесе полиплоидияның кең таралғаны сонша, хромосомалардың теңгерімсіз жиынтығын сақтау тиімді болып саналады. Хромосомалық өзгерістерге хромосомалардың көбеюі немесе жоғалуы, жойылуы (30–50 кб), гибридті хромосомалардың болуы және көп жағдайда қайталануы (30–390 кб) жатады. Бұл қайта құрулар субтеломерлі қайталанулар және транспозициялық элементтер арқылы рекомбинация арқылы пайда болды деп болжанған. Нүктелік мутациялар сияқты шамалы айырмашылықтар да мүмкін. Мұндай вариациялар штамм сипаттамаларына егер ол ашық оқу шеңберінде (ORF) немесе геннің реттеуші аймақтарында локализацияланған болса әсер етуі мүмкін [54, 55].

Кесте 3 - *S. cerevisiae* геномының тізбектік құрамы

Кодталған өнімдер	Тізбектің жалпы саны	Тізбектің орташа мөлшері	Тізбектің геномдағы мөлшерінің пайыздық көрсеткіші (%)
Акуыздар			
Жалпы ОРС (САР)	6340	1450	68,64
Интрондар	225	500	0,84
РНК			
рРНК	140	9000	9,41
тРНК	275	80	0,16
мяРНК	80	500	0,30
Мобильді элементтер			
Ty1 – Ty5	53	5900	2,20
Хросомалық элементтер			
ARS	750	20	0.11
CEN	16	95	0.01
Субтеломерлі қайталама			
(Y') типі	21	5800	0,92
(X) типі	31	400	0,09
Теломерлі қайталама (C ₁₋₃ A)	32	300	0,07
Генаралық аудандар	~4600	500	17,25

(*Saccharomyces* геномы туралы ақпарат NCBI деректер базасынан алынған)

Ашытқы геномдарының өзгергіштігінің механизмі. Шарап штаммдарының және басқа ашытқы штаммдарының геномдарын ашу нәтижелері олардың маңызды генетикалық гетерогенділігі, көптеген SNP және InDels бар болуы, анықтамалық геноммен салыстырғанда үлкен хромосомалық қайта құрулар және CNV, ORF өлшемдеріндегі өзгерістер туралы «геномға дейінгі» идеяларды растады. 100 табиғи, клиникалық және өнеркәсіптік изоляттардың геномдық ретін S288C штаммының геномымен салыстыру SNP орташа жиілігі бір геномға 78140, Indel – 7840; 566 ORF үшін олардың өлшемдерінде ауытқулар табылғанын көрсетті. 236 штамм үшін анықталған шарап ашытқысының геномдарының нуклеотидтер тізбегінің өзгергіштік дәрежесі айтарлықтай төмен болып шықты, бұл штаммдардың жоғары инбредтелген популяцияны білдіретінін көрсетеді. Дегенмен, шарап ашытқысы штамдарының геномдарында хромосомалық полиморфизмдердің барлық түрлерінің мысалдарын, сондай-ақ айқын адаптивті маңызы бар интрогрессия мен HGT іздерін табуға болады [56, 57].

